

"Мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 2231 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қаңтардағы № 29 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 30.01.2017 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылы 29 желтоқсандағы
№ 2231 қаулысымен
бекітілген

"Мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті

1. Қолдану саласы

1. Осы "Мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті (бұдан әрі — Техникалық регламент) Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтарға қолданылады.

2. Техникалық регламент тізбесі Техникалық регламенттің 1-қосымшасында келтірілген жабдыққа Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының кодтарына (бұдан әрі - ҚР СЭҚ ТН) сәйкес қолданылады.

3. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтарды сәйкестендіру ҚР СЭҚ ТН кодтарын және оларға сәйкес келетін Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім жіктеуіші бойынша (ЭҚТ ҰК) ҚР МК 04-2003 кодтарын, жиынтығында тану үшін жеткілікті болатын таңбалау және ілеспе құжаттар, параметрлері, көрсеткіштері мен талаптары бойынша пайдалану жолымен жүргізіледі.

Мұнай-газ жабдықтарын толық сәйкестендіру үшін, тұтынушыға арналған ақпарат қажетті ең аз деректер болжамды қызмет мерзімі ішінде анық әрі өшірілмейтіндей өнімнің көрінетін жерінде орналастырылуы және таңбалау түрінде орындалуы тиіс:

дайындаушының атауы мен мекен жайы;
өнімнің атауы;
сериясының немесе үлгісінің белгіленуі;
сериялық зауыттық нөмірі;
дайындалған жылы;
ескерту жазбалары;
детальдардың ең көп айналу жылдамдығы;

2 жабдықтың массасы, жарылыс қаупі ықтимал атмосферада пайдалану, жеке қорғаныс құралдарын пайдалану қажеттілігі.

4. Таңбалау, белгілер және ескерту жазбалары бір мағынада, түсінерліктей болуы тиіс.

5. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігін, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтарды қолдану кезінде мұқият болуға тиіс негізгі қауіпті факторлар (тәуекелдер):

1) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігін, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтарды монтаждау және пайдалану кезінде, астында тұрған жұмыскерлердің үстіне құлап кету немесе опырылып түсу қауіпі бар, жоғары орналасқан және осал бекітілген заттар және конструкциялардың осал бөлшектері;

2) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігін, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтарды монтаждау және пайдалану кезінде шудың және дірілдің артып кеткен деңгейі;

3) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігін, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтарды монтаждау және пайдалану кезінде техника

қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды сақтамауға байланысты пайда болған қауіпті өндірістік факторлар;

4) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтардың қозғалатын бөлшектері, қозғалатын бұйымдар;

5) жұмыс аймағының жеткіліксіз жарықтандырылуы;

6) жұмыскерге электр тогының әсер ету мүмкіндігі;

7) қауіпті пайдалану процестері кезінде бөлінетін артық жылу мөлшері;

8) фланецті қосылыстардың, арматураның саңылауы;

9) тасымалдау және ілу кезіндегі жүктің тең бөлінбеуі болып табылады.

2. Терминдер мен анықтамалар

6. Техникалық регламентте Қазақстан Республикасының "Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы" 2002 жылғы 3 сәуірдегі, "Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі, "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы, "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" 2002 жылғы 4 желтоқсандағы заңдарына сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылды, сондай-ақ:

1) агрессивті орта - пайдалану процесінде негізгі құралдардың қатты тозуына (ескіруіне) әкелетін табиғи және (немесе) жасанды факторлар ықпалының жиынтығы;

2) бұрғылау жабдығы - мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау үшін пайдаланылатын техникалық құрал немесе техникалық құралдар жиынтығы;

3) геологиялық барлау және геофизикалық жабдық - ұңғыманың жайғасқан орнын анықтауға, ұңғыманы бұрғылау процессін бақылауға, ұңғыманың геологиялық қимасын зерделеуге, кен қабаттарын аршуды және сынаудың барысын геологиялық бақылауға арналған техникалық құрал немесе техникалық құралдар жиынтығы;

4) жабдықты сынау - жабдық жұмыс істеген кезде оған әсер ету нәтижесі ретіндегі оның қасиеттерінің сандық және (немесе) сапалық сипаттамаларының тәжірибелік анықтамасы;

5) жабдық - машинаға орналастырылатын және машиналардың негізгі және (немесе) қосымша функцияларын орындау үшін қажетті, сондай-ақ оларды біртұтас кешенге біріктіруге арналған техникалық құрылғы;

6) жабдықты қабылдау сынағы - осы жабдықты өндіріске қою және (немесе) мақсаты бойынша пайдаланудың орындылығы туралы мәселені шешу мақсатында өткізілетін дайын жабдықты бақылау сынағы;

7) кіріс бақылау - өнім берушінің тұтынушыға немесе тапсырыс берушіге келіп түскен және өнімдерді дайындау, жөндеу немесе қолдану кезінде пайдалануға арналған өнімдерін бақылау;

8) қорғаныш қоршау - машинаның физикалық тосқауыл арқылы сақтауды қамтамасыз ету үшін арнайы пайдаланылатын бөлігі;

9) өнеркәсіп қауіпсіздігінің декларациясы - мынадай мәліметтерді:

қауіпті заттар (оның ішінде өндірілетін) тізбесін және олардың сипаттамаларын;

қауіпті әсер ету факторларын (эр фактор жеке; басқа факторлармен өзара әрекетте; қоршаған ортамен өзара әрекетте);

қауіпті факторлардың таралуы туралы технологиялық деректерді;

қауіптілік пен тәуекелді талдауды;

қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі техникалық шешімдерді;

авариялық жағдайлардың туындау жағдайына талдауды;

персоналды авария жағдайында іс-әрекетке дайындауды;

авариялардың туындауы мен дамуының ықтимал сценарийлерінің схемасын;

аварияны жою жоспарын (хабарлау жүйесі; адамдарды қорғау жөніндегі құралдар мен шаралар; аварияларды, төтенше жағдайларды жоюға арналған резервтік ресурстар; зардап шеккендерге көмек көрсету бойынша медициналық қамтамасыз ету) қамтитын құжат;

10) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі жабдығы - мұнай ұңғымасының немесе газ ұңғымасының сағасына орнатылған, оны құру, пайдалану немесе жөндеу кезінде сағаны саңылаусыздауға байланысты бір немесе бірнеше дербес функцияларды орындауға арналған техникалық құрал немесе техникалық құралдар жиынтығы;

11) істен шығу (ақау) — жабдықтың жұмысқа жарамды күйінің бұзылуына байланысты болатын оқиға.

3. Жабдықты нарықта орналастыру жағдайлары

7. Айналымға шығарылатын сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдық (соның ішінде импортталатын) мынадай құжаттармен және арнайы ақпаратпен сүйемелденуі тиіс:

1) қауіпсіздік паспорты немесе оның көшірмесі;

2) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтарды монтаждауға қажетті техникалық құжаттама;

3) сәйкестігін растайтын құжаттар;

4) тікелей бұйымдағы немесе ілеспе құжаттамадағы бірдейлендіретін таңбалау;

5) өрт сөндіру тәсілдері мен құралдары (қажет болған жағдайда).

8. Ескертпелік таңбаланымына енгізілетін ақпараттың құрамы мен мазмұнына қойылатын ең аз талаптар "Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы № 277 қаулысымен бекітілген техникалық регламенттің талаптары мен нормативтік құжаттарға сәйкес келуі тиіс.

9. Ескертпелік және бірдейлендіру таңбаланымы мәтін, символдар, пиктограммалар түрінде түсіріледі (жазылады).

10. Тұтынушыға арналған ақпарат анық және жеңіл оқылуы тиіс.

11. Ақпаратты түсіру құралдары өнімдерді сақтау, тасымалдау және қолдану кезінде таңбалаудың беріктігін қамтамасыз етуі тиіс.

12. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдыққа, оның ішінде шетелдік өндіріске арналған техникалық құжаттамада дайындаушы-ұйым (өнім беруші) тетіктердің жабдықтарын қауіпсіз пайдаланудың шарттары мен талаптарын (оның ішінде коррозиялық-агрессивті орта жағдайында), осы құрылғылардың бақылау сынақтарын (тексерістерін) жүргізу әдістемесін, ресурс пен пайдалану мерзімін, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және диагностикалау тәртібін көрсетеді.

13. Адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға әлеуетті қауіп төндіретін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы" 2002 жылғы 3 сәуірдегі, "Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі заңдарында белгіленген қауіпсіздік талаптарына және осы Техникалық регламентке сәйкес келмейтін сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтарды Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілмейді.

14. Егер сынау жабдығы өлшеу құралы болса немесе оның құрамына өлшеу құралдары кіретін болса, онда ол "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы Заңына сәйкес қолданылуға тиісті.

15. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтардың тіршілік циклінің барлық кезеңінде (жобалау, дайындау, тасымалдау, монтаждау, пайдалану, жөндеу, консервациялау, жою) аварияларды болдырмау және олардың салдарын оқшауландыру жөніндегі іс-шаралар әзірленуге және орындалуға тиіс.

4. Пайдалану кезінде сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтардың қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар

16. Күкіртті сутектің ықпалына тап болған сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдық, технологиялық процестердің параметрлері мен коррозиялық-агрессивті ортаның сипаттамаларын ескере отырып таңдалуы тиіс.

17. Сульфидтік-коррозиялық жарылуға тұрақты сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтың паспорттарында дайындаушы-ұйымның оны көрсетілген ортада қолдануға кепілдігі болуға тиісті. Бұл кепілдік ингибиторлық қорғанысты бұзбайды.

18. Күкіртті сутектің ықпал ету жағдайында пайдаланылатын сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты коррозиядан қорғау үшін коррозия ингибиторлары, арнайы жабындар және өнімнің коррозиялық белсенділігін төмендететін технологиялық әдістер қолданылуы тиіс.

19. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты пайдалану кезінде тіршілік циклі мен кәдеге жаратудың барлық кезеңінде әзірленген қауіпсіздік шаралары:

1) қауіпсіздік және еңбек гигиенасы талаптарын қамтамасыз ету іс-шараларын;

2) қоршаған ортаның ластануының алдын алу және жою іс-шараларын;

3) қоршаған ортаны қорғауға, оны қалпына келтіруге мүмкіндік туғызатын, ресурсты үнемдейтін, қалдығы аз және қауіпсіз технологияларды пайдалану;

4) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты жасау кезінде технологиялары өрт қауіптілігінің, жарылыс қаупінің, электр қауіптілігінің мүмкіндігінше ең аз көрсеткіштерімен сипатталатын зерттелген қасиеттері бар заттар мен материалдарды пайдалану;

5) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықпен тікелей байланыста жұмыс істеу кезінде қауіпті ықпал ету салдарын болдырмайтын техникалық шешімдерді қолдану (жабдықтың қорғалмаған ыстық үстіңгі бетімен, айналатын және (немесе) қозғалатын бөлшектерімен).

20. Аварияның алдын алу іс-шараларын әзірлеу кезінде қауіп көздері, тәуекелдік факторлары, аварияның пайда болу себептері және оның сценарийі, өндірістік персоналдың саны мен орналасуы ескерілуі тиіс.

21. Аварияның алдын алу және оның салдарын оқшаулау жөніндегі іс-шаралар:

1) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтардың саңылаусыздығын жоюдың және өндірістік

персонал мен қоршаған ортаға қауіп тудыратын мөлшердегі қауіпті заттардың шығарындыларының алдын алу бойынша;

2) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты тиімді автоматты жүйелермен және жарылыстан қорғау құралдарымен жарақтандыру бойынша;

3) персоналды өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау, нұсқаухат және өрт сөндіру құралдарын пайдалануға үйрету бойынша;

4) өндірістік персоналды жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету бойынша;

5) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты автоматты басқару, бұғаттау, белгі беру және авариясыз тоқтату жүйелерін орнату бойынша;

6) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтың жанындағы қызмет көрсетуші персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және авария кезінде мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты басқару мүмкіндігі бойынша ;

7) авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларының кедергісіз кіруі мен қозғалысын қамтамасыз ету бойынша шешімдерді қамтиды.

22. Техникалық шешімдерді таңдау кезінде аварияның алдын алу шаралары авария зардаптарының ауырлығын азайту шараларына қарағанда басым болуға тиісті.

23. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдық бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс.

24. Аварияға қарсы қорғаныс жүйесі сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықта оның барлық ықтимал жұмыс режимдерінде жарылыс қаупі бар ортаның пайда болуының алдын алуды және болуы мүмкін авариялық жағдайлар кезінде оның қауіпсіз тоқтауын қамтамасыз етуге тиіс.

25. Жарылыс қаупі бар аймақтарда пайдалануға арналған сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдық жарылыстан қорғалған пайдалану және жарылыс қаупі бар аймақ класына сәйкесетін қорғаныс деңгейі және жарылыс қаупі бар қоспалардың санаттары мен топтарына сәйкесетін жарылыстан қорғау түрі болуы тиіс.

26. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты автоматты басқару және бақылау құралдарымен жабдықтау:

1) негізгі жұмыс параметрлері мөлшерінің ауытқуын болдырмайтын автоматты реттеу, қашықтан бақылау және дабылдамамен;

2) болуы мүмкін авариялық жағдай кезінде сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты автоматты және қашықтан ажыратуды;

3) кезеңдік жұмыс істейтін сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты автоматты қосу-сөндіруді;

4) авариялық дабыл диспетчерінің пультіне беруді қамтамасыз етуге тиіс.

27. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтың қолданыстағы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкестігін тексеру керек.

Егер сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдық қолданыстағы санитарлық-гигиеналық ережелер мен нормаларға сәйкес келмесе, онда ол ауыстырылуға тиісті.

28. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты пайдалану кезінде мынадай ережелер сақталуы тиіс:

1) өз бетінше жұмыс істеуге үйретілген, тиісті біліктілігі бар, жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі қажетті пайдалану құжаттамасымен қамтамасыз етілген, сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтың қызмет көрсетуіне медициналық қарсы көрсетімдері жоқ өндірістік персонал жіберіледі;

2) қажетті аспаптардың және сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтың пайдаланылуын бақылау жүйесінің болуын және дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

3) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдық өртті ерте табу және сөндірудің автоматтандырылған жүйесімен жабдықталуға тиіс;

4) аварияның зардаптарын жайылтпау және жою іс-шараларын жоспарлау және жүзеге асыру, аварияның себептерін тексеруде мемлекеттік органдарға көмек көрсету;

5) авариялар, оқыс оқиғалар мен өндірістік жарақаттанудың ауыр жағдайлары, олардың туындау себептері және Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне сәйкес қабылданған шаралар туралы ақпараттарды мемлекеттік органдарға заңнамада белгіленген тәртіппен ұсыну;

6) авариялар мен оқыс оқиғалардың себептеріне өндірістік тексеріс жүргізу, жазатайым оқиғаларды тексеру, сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты пайдалану кезінде туындайтын авариялар мен оқыс оқиғаларды (істен шығулар, ақаулар және басқалары) есепке алу;

7) авария жағдайында іс-әрекетті қадағалау, хабарлау, байланыс және қолдау жүйелерін тиісті жағдайда құру және қолдау;

8) кәсіби авариялық-құтқару қызметтерімен немесе кәсіби авариялық-құтқару құрамаларымен қызмет көрсетуге шарттар жасасу, ал заңнамада көзделген жағдайларда меншікті кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін немесе құрамаларын, сондай-ақ қызметкерлердің арасынан штаттан тыс кәсіби авариялық-құтқару құрамаларын құру.

29. Тікелей агрессияшыл ортада жұмыс істейтін сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтар тораптарының жай-күйін тұтастықты бұзбайтын әдістермен тексеру қажет. Жөндеу кезінде олардың бастапқы қалыңдығы мен тозу мөлшерінің өзгеру деңгейін анықтайды.

30. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтардың қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін:

- 1) жобалау-конструкторлық құжаттамаларды сараптау;
- 2) тәжірибелік үлгілерді (партияларды) сынау;
- 3) сериялы өндіріс жабдықтарын сынау және сертификаттық сынаулар;
- 4) жабдықтарды монтаждау және пайдалануға беру;
- 5) жаңғыртудан және күрделі жөндеуден кейінгі сынаулар кезінде бақылау қажет.

31. Күкірті бар ортаның агрессивті ықпал ету жағдайында пайдаланылатын сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты техникалық қадағалау пайдаланудың бірінші жартыжылдығында айына кемінде бір рет, ал одан әрі сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтың нақты коррозиялық күйіне байланысты тоқсанына кемінде бір рет қабырғалардың қалыңдығын өлшеуді қамтуы тиіс.

32. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтың коррозиялық күйін бақылауды арнайы оқытылған қызметкерлер жүзеге асыруға тиіс. Персонал агрессивті күкірті бар ортада жұмыс істеу үшін қажет дербес қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс.

33. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтың коррозиялық күйін бақылау көзбен шолып тексеруден басқа мынадай әдістермен:

- 1) бақылау үлгілерін құру;
- 2) коррозияның жылдамдық бергіштері арқылы;
- 3) коррозияны бақылау тораптары арқылы;
- 4) сутегі зондтары арқылы;
- 5) ультрадыбыстық және магниттік дефектоскопиямен жүзеге асырылуы тиіс.

34. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтың әрбір түрі үшін коррозияны бақылаудың әдістері, мерзімділігі және нүктелері ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдарының ұсынымдарына сәйкес белгіленеді және оларды ұйымның техникалық басшысы бекітеді.

35. Күкіртті сутегімен байланыстағы сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдық, оны бөлшектеуден кейін қайтадан пайдалану алдында дефектоскопияға әкелуі және сығымдалуы тиіс.

36. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтың жоғары дәрілдік және шуылды сипаттамалары көріністеріне қорғау және алдын алу үшін мынадай қорғаныш шараларымен қамтамасыз етілуі қажет:

1) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты оңтайлы режимде пайдалану;

2) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты дап-дайын, майланған түрінде ұстау;

3) қажетті және дұрыс дербес қорғану құралдарының болуы;

4) оператордың дірілдік құрылымдармен байланысын болдырмау;

5) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты жаңғырту;

6) ұтымды амортизациялайтын құрылғыларды жетілдіру және қолдану;

7) шуыл мен дірілдің параметрлеріне аспаптық бақылау жүргізу.

37. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтан шығатын зиянды және (немесе) қауіпті факторлардың адамға ықтимал әсері болған жағдайда, оның корпусына ескерту белгілері мен жазулар ілінуі тиіс. Өндірістік нұсқаулықтар, өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтар, сондай-ақ сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар болуға тиісті.

38. Жеке тұрған сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтың арасындағы арақашықтық кемінде 1 метр, ал жұмысшылар өтетін жердің ені - 0,75 м болуы тиіс.

39. Қызмет көрсету үшін жұмысшыны 0,75 м дейін биіктікке көтеру талап етілетін сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдық сатымен, ал 0,75 м жоғары биіктікке - таянышы бар баспалдақпен жабдыкталады.

40. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтың барлық жұмыс істеу режиміндегі қауіпсіз жай-күйін

қамтамасыз етуге қойылатын қауіпсіздік талаптары электрден шыққан қауіп-қатердің алдын алу және қызмет көрсетуші персоналды:

- 1) электр тогынан зақымданудан;
- 2) қысқа тұйықталудан;
- 3) электрлік жүктемеден қорғаудан тұрады.

41. Адамдарды электр тогының зақымдауынан қорғау үшін мынадай шаралар қолданылуға тиіс:

1) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтың ток жүретін бөліктеріне кездейсоқ жанасу мүмкіндігін болғызбау;

2) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдық немесе оның тораптары тоқтағаннан кейін, жетекті электрмен қоректендіру тез ажыратылуы тиіс;

3) қорғаныстық ажырату мен жерлендіруді, диэлектрлік қорғаныс құралдарын, жайдан қорғануды қолдану;

4) персоналды электр қондырғылармен жұмыс істеуге нұсқама беру және үйрету;

42. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтың құрылымы әлеуетті қауіпті электр зарядтарының жинақталуының алдын алу немесе шектелуін қамтамасыз етуге тиіс. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдық электр қондырғыларын қауіпсіз пайдалану талаптарына сәйкес жерлендіру жүйесімен жабдықталуы тиіс.

43. Бөлек орнатылған сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтың дербес жерлендіргіштері болуы немесе жеке жерлендіруші сымның көмегімен ортақ жерлендіру магистраліне қосылуы тиіс.

44. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты электрмен жабдықтауда үзілістер, үзілістен немесе тербелістен кейін жаңарту қауіпті жағдайлардың туындауына алып келмеуге тиісті:

1) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдық тосыннан қосылуға тиісті емес;

2) егер команда берілген болса, сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтың тоқтауына ештеңе кедергі болмауға тиіс.

45. Жарылыс қаупі бар аймақтарда жарылыстан қорғану деңгейі жарылыс қаупі бар аймақтың класына сәйкесетін жарылыстан қорғалған электр жабдығын ғана қолдануға рұқсат етіледі.

46. Электр жабдығын жарылыстан қорғанудың ақаулы құралдарын, бұғаттау, басқару және қорғау сызбалары бұзылған кезде пайдалануға рұқсат етілмейді.

47. Электр жетектеріне қызмет көрсетуді электр қауіпсіздігі жөніндегі білікті тобы бар электр техникалық персонал жүзеге асыруы тиіс.

48. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтың өрт қауіпсіздігі "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы заңында және "Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2006 жылғы 8 ақпандағы № 35 бұйрығында белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

5. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі жабдығының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

49. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі жабдығы оның мақсатына жауап беретін процестерді орындау үшін қажетті және жеткілікті компоненттермен жабдықталуға тиісті, оның ішінде:

- 1) ұңғыма сағасының жабдығы;
- 2) фонтанды жабдық;
- 3) құбырлар мен бағаналардың аспалары;
- 4) ысырмалар, кедергіштер және клапандар;
- 5) ернемектер және ернемектік қосылыстар;
- 6) басқа да жабдықтар.

50. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі жабдығы оған қойылатын талаптарға сәйкес келуге және ұңғыманың сағасындағы күтілетін ең жоғары қысымды қауіпсіз ұстауға және қысымы пайдалану ұңғымасын қысыммен тексеруден кем болмауға, сондай-ақ ұңғыманы ұзақ уақыт пайдалану кезінде жылыстау болмау керек.

51. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі жабдықтарының өрт және жарылыс қауіптілігі "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 14 қаулысына және Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес келуі тиіс.

52. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі жабдығына жағылған дабылдық сақтандыру бояуы мен қауіпсіздік белгілері "Өндірістік объектілердегі сигналдық түстерге, белгілеулерге және қауіпсіздік белгілеріне қойылатын талаптар" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 тамыздағы № 803 қаулысына сәйкес келуі тиіс.

53. Үштармақтарда, орауыштарда, айқастырмаларда, бекіткіш құрылғылардың корпусында жұмыс қысымы мен шартты өту шамасының мәні, ал қажет болған жағдайда ағынның бағыты бедермен көрсетілуі тиіс.

54. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі жабдықтарының ернемектік қосылыс саңылаусыздығы Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес металл төсеменің (сақинаның) көмегімен қамтамасыз етілуге тиіс. Төсеме үшін басқа материалдарды қолдануға рұқсат етілмейді.

55. Қысыммен жұмыс істейтін сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі жабдықтарының ернемектік және қамыттық қосылыстарға арналған бұрандамалардың (бұрамасұқпалардың) ұзындығы бұраған кезде бұрандамалар (бұрамасұқпалар) сомынның үстінен кемінде 1-3 орам жоғарыға шығып тұруы тиіс.

Бұрау және ағыту процесі үшін ұшқын шығармайтын материалдан дайындалған құрал-саймандар пайдаланылуы тиіс.

56. Бұрандамалар, бұрамасұқпалар мен сомындардың орналасқан жері ілмекті кілтпен жұмыс істеуге бөгет болмауға тиіс.

57. Пайдалану процесіндегі олардың жай-күйін бақылауды қажет ететін сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі жабдықтарының қосылыстарына еркін кіру қамтамасыз етілуі тиіс.

58. Ұңғымалардың құбырдағы, құбыраралық (құбыр арасындағы) және бағанаралық кеңістіктегі қысымды бақылау үшін сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі жабдықтарында қысымөлшеуіштерді орнатуға арналған орын қарастырылуы тиіс.

Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі жабдықтарына орнатылатын қысымөлшеуіштер олардың дұрыстығын, алмастырылуы мен қысымды бәсеңдету мүмкіндігін бақылау үшін бекіткіш құрылғымен қамтамасыз етіледі.

Қажет болған жағдайда жылуөлшеуіштерге арналған қалталарды орнату және қысым мен температураның көрсетулерін алудың электронды транзиттерін орнату үшін орын қарастырылады.

59. Фонтандық арматураны орындау кедергіштер мен кедергіштік саптамалардың қауіпсіз алмастырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

60. Ұңғымалық ортаны тығыздауға арналған нығыздау арматурасының бұрмаларында тиісті бүйірлі бұрманың шартты өтуінің кем дегенде өтпелі қиылысымен кері клапандары орнатылуы тиіс.

61. Фонтандық арматураның нығыздау құбырының орындауы ұңғымалық ортаның ұңғыманың құбырлық, құбыраралық (құбыраралық) кеңістігіне айдауға мүмкіндік беруге тиіс.

62. Сықау құбырының тораптары оның қалыпты жұмысын қамтамасыз ететін дайындаушы зауыттың монтажи (пайдалану) жөніндегі нұсқаулықтың

талаптарына сәйкес орындалған берік іргетасқа (негізі) орнатылуы тиіс. Тіреу қойылған жер пайдалану құжаттамаларында көрсетілуі тиіс.

Температуралық кеңейту салдарынан сағаны байланыстырудың ауысу ықтималдығы жағдайында температура теңестіргіштерді орнату көзделеді.

63. Құбыраралық кеңістікті саңлаусыздауға арналған ұңғыманың саға жабдығы газ алуды қамтамасыз етуге тиіс.

64. Біркұбырлы жүйемен мұнай мен газ жинайтын кәсіпшіліктерге арналған арматураларда мұнай-газ жинау жүйесіне құбыраралық кеңістіктен газды автоматты жіберу үшін кері клапан қарастырылуы тиіс.

65. Қарнақсорғылық арматураның құбырлы байланыстыруы арқансым жұмыстарының немесе эхолоттың көмегімен ұңғымаға зерттеу жүргізуді қамтамасыз ететін құралдармен жабдықталуға тиісті.

66. Электр және гидросорғылық арматуралардың сағалық шыршасы бүйір бұрмасынан жоғары орналасқан оқпандық бекіткіш құрылғымен жабдықталуға тиісті.

67. Гидросорғылық арматураның сағалық камерасының ішкі қысымды бәсеңдетуге арналған құрылғысы болуға тиісті.

68. Бағаналық бастиек бағана аралық кеңістіктегі қысымды бақылау және оған ұңғымалық ортаны айдау мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиісті.

69. Бағаналық бастиектің корпусында бекіткіш құрылғылар мен қысым өлшеуішті орнатуға арналған екі бүйірлік бұрма болуы тиіс.

70. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі жабдықтарына қолданылатын бекіткіш құрылғының өзі орнатылған жабдық учаскесінің өту қимасынан кем емес ету қимасы болуы тиіс.

71. Жапқыш құрылғылар қысымда болатын бекітпеге немесе корпус қуысына тығыздағыш майды тоғытудың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиісті.

72. Жапқыш құрылғылар оларды кеңістікте кез келген жағдайда орнатуға мүмкіндік беруге тиісті.

73. Жапқыш құрылғыларда бекітпелер жағдайының (ашық - жабық) көрсеткіштері болуы тиіс.

74. Механикалық және гидравликалық басқарумен реттелетін кедергіштер мен ысырмалар олардың төтенше жағдайларын бақылау мүмкіншілігін қамтамасыз етуге тиісті.

75. Сағалық арматураны басқару станциясы:

1) пневмо - немесе гидрожетекті жапқыш құрылғыларды қолмен және автоматты басқаруды;

2) реттеу жүйесінің датчиктерінен дабылдар арқылы кедергіштерді реттеуді қамтамасыз етуге тиісті.

76. Пневмо - және гидропилоттар, автоматты сақтандырғыш құрылғылар ұңғыманы пайдаланудың берілген режимінен параметрлердің регламенттелген ауытқуы кезінде ұңғыма ортасын жабынмен қамтамасыз етуге тиісті.

77. Гидравликалық жүйенің иілгіш құбырлары пайдалану процесінде оларды бұрап алуға және қажалуға жеткізілмеуге тиісті.

78. Автоматты сақтандырғыш жапқыш құрылғылар, ағын мен қысымның реттеуіштері оларды іске қосу режимін реттеудің қалай болса солай өзгеруінен қорғалуын көздеуге тиісті.

79. Жер бетінен 1,8 м және одан көбірек жоғарыда тұрған сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі жабдықтарын монтаждау мен жөндеу арнайы алаңдарда орындалуға тиісті.

80. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі жабдықтарын жинақталған түрде сағаға орнатқанға дейін қысыммен тексеру паспортта көзделген немесе 1-кестеге сәйкес тексерілетін қысымға, ал ұңғыманың сағасына орнатқаннан кейін пайдалану бағанасын сығымдау қысымына жүргізілуіне тиісті.

1-кесте - Тексерілетін қысымға арналған сығымдау шамасы

Жұмыс қысымы, кгс/см ²	Коэффициент
200-ге дейін	1,50
200-ден 560-қа дейін	1,40
560-тан 650-қа дейін	1,30
650-ден жоғары	1,25

81. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі жабдығын пайдаланатын кәсіпорындар техникалық куәландыру, монтаждау немесе пайдалану кезінде жабдықтардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкессіздіктерін, құрылымдағы немесе дайындаудағы кемшіліктерді тапқан жағдайда, пайдалануды тоқтатуға және тиісті мемлекеттік органдарды хабардар етуге тиісті

6. Бұрғылау жабдықтарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

82. бұрғылау жабдығы Техникалық регламенттің және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттардың талаптарына жауап беруге тиісті.

83. Гидрожетектер Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттардың талаптарына жауап беруге тиісті.

84. Пневможетектер Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттардың талаптарына жауап беруге тиісті.

85. Электр қозғалтқыштар, жүргізу-реттеу аппаратурасы, электр коммуникациялар мен жабдықты басқару постылары Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттардың талаптарына жауап беруге тиісті.

86. Тұрақты жұмыс орындарындағы шудың деңгейі Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуге тиісті.

87. Тұрақты жұмыс орындарындағы дiрiлдiң деңгейi Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуге тиісті.

88. Бұрғылау қондырғыларының құрамына кіретін жабдықтардың техникалық сипаттамалары осы қондырғылардың сыныбына және оларды пайдалану жағдайларына сәйкес келуге тиісті.

89. Сейсмикалық белсенді аудандарда жұмыс істеу үшін мұнаралар, дiңгектер , тұғырлар ауданның сейсмикалық жағдайына берiктiгi мен орнықтылығына есептелуге тиісті.

90. Мұнараның биіктігі тәлдік блокты көтеру биіктігін шектеуіштің орындауын, сондай-ақ құрал-саймандарды шығарудың қолданыстағы тәсілдерін қолдану есебінен тәлдік блокты ең жоғары жылдамдықпен көтеру кезінде жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиісті. Жүк көтергіштігі 320 тонна және одан жоғары бұрғылау қондырғылары үшін мұнараның биіктігі жоғарғы жетекті қолдану мүмкіндігін ескере отырып есептеледі.

91. Тұйық кескінді материалдан жасалған мұнара оның элементтерінде судың жиналу мүмкіндігін болдырмауға тиісті.

92. Мұнаралар мен дiңгектерде:

1) кронблок пен оның секцияларын монтаждау, бөлшектеу үшін (стационарлық бұрғылау қондырғылары үшін) роликті бекітуге арналған құрылғы ;

2) навигация қауіпсіздігі құралдарын бекітуге арналған орындар;

3) шегенделген құбырларды бұрап шығаруға арналған машина кілттерін ілетін жіптер, қосалқы жүк шығырдың жүк арқаны, пневмо (гидро) кілттерді ілетін жіптері үшін блоктарды бекітуге арналған орындар;

4) А-тәрізді дiңгектер мен мұнаралар үшін саусақ сыртына орнатылған шамдалдың құлауын болдырмайтын ашық алдыңғы қыры бар тетік;

5) кронблокқа қызмет көрсетуге арналған алаң;

6) тіреудің мойнын бұрғылау құбыршегімен қосуға қызмет көрсетуге арналған алаң;

7) ұңғыманың сағасында авариялық жағдай болған жағдайда мұнарадан тысқары дереу көшіруге арналған құрылғысы бар жоғарыдағы жұмысшыға арналған алаң;

8) жоғарыдағы жұмысшыны қауіпсіз көтеру және түсіру үшін инерциялық немесе басқа типтегі құрылғысы бар баспалдақ-басқыш немесе әрбір 6 м сайын өту алаңы бар туннель типіндегі баспалдақ немесе әрбір 6 м сайын өту алаңы бар жоғарыдағы жұмысшының балконына дейін бөлдеулі баспалдақ, ал одан жоғары - туннель типіндегі баспалдақ немесе жоғарыдағы жұмысшыны қауіпсіз көтеру және түсіруге арналған құрылғысы бар басқыш-баспалдақ көзделуге тиісті.

93. Бұрғылау жабдығының негізінде:

1) тұғыры металл конструкциялы қосымша жұмысты жүргізбей, жер деңгейінен жоғары ұңғыма сағасындағы бағана басуштары мен превенторлық қондырғыны монтаждау;

2) фонтандық арматура немесе оның бөліктері орнатылған тұғырды бөлшектеу;

3) бұрғылау еденінің деңгейінде ротор үстелдерін орнату мүмкіндіктері көзделуге тиісті.

94. Тәл жүйесінің құрамына енетін жабдықтардың корпустарында (кронблок, тәл блогы, ілгек) олардың рұқсат етілетін жүк көтергіштігі көрсетілуге тиісті. Бұрғылау қондырғысының рұқсат етілетін жүк көтергіштігі және оның жүк көтергіш жабдығын куәландыру мерзімдері арнайы кестеде көрсетілуге тиісті.

95. Ілгек пен тәлдік блок оған ілінген штроптың жүктемесін тең мөлшерде бөлісуді қамтамасыз етуге тиісті.

96. Жүктемесіз ауыстыру кезінде ілгекпен немесе автоматты элеватормен тәлдік блоктың орнықтылығын қамтамасыз ету үшін оның ауырлық ортасы арқан тегершігінің өсінен темен орналасуға тиісті.

97. Жүкшығыр барабаны бекіту орнында оның бүктелу және майысу, өздігінен әлсіреу немесе үзілу мүмкіндігін болдырмайтын тәл арқанының жылжымалы тармағының бекітілуін қамтамасыз етуге тиісті.

98. Жүкшығырының барабанында тәл арқанының бірінші қатарын тығыз және біркелкі орауға арналған арықтары бар арнайы жапсырмаларды алдын ала қарастыру қажет. Жапсырмалар алмалы-салмалы болуы және қолданылатын тәлдік арқандардың әртүрлі диаметрімен орындалуға тиісті.

99. Тежегіш жүкшығыр барабанының өздігінен тежеу немесе тежемеу мүмкіндігін болдырмауға тиісті.

100. Жүкшығырдың тежегіш тетігінде басқарудың кемінде екі тәуелсіз жүйесі болуға тиіс, оның біреуі (негізгісі) тежеу сәтін бір қалыпты реттеуді қамтамасыз

етуге тиісті. Негізгі тежеуіш жүйе реттелетін электр жетек болып табылатын жүкшығырларда авариялық жағдайларға арналған және барабанды қозғалмайтын жағдайда бекітуге арналған механикалық тежеуіш орнатылуға тиісті.

101. Негізгі тежеу механикалық тежеуішпен жүзеге асырылатын бұрғылау қондырғыларындағы жүкшығыр қосалқы реттеуіш тежегішпен (электрлік, гидравликалық немесе пневматикалық) жабдықталуға тиісті.

102. Жүкшығырды басқару жүйесі сақтандырғыш құрылғылардың белгісі келіп түскен кезде тежеуішті бір мезгілде қосу арқылы жетекті автоматты түрде ажыратуды (жүкшығырдың жүк көтергіштігін шектеуіштің, тәлдік блоктың көтерілуін шектеуіштің) қамтамасыз етуге тиісті.

103. Жетекті ажырату және жүкшығырды тежеу тәлдік арқанның қозғалғыш тармағын жеңілдету мен тарқатуды болдырмауға тиісті.

104. Жұмыс кезінде жүкшығыр орамның қайта шешілу және оларды әркелкі орау мүмкіндігін болдырмайтын барабанға арқанды дұрыс салу арқылы қамтамасыз етілуге тиісті.

105. Бұрғылау роторында ротор үстелін бекітуге және ішпектерді орнықтыруға арналған құрылғы көзделуге тиісті.

106. Роторға бағыттайтын аунақшалары немесе шағын ішпектері бар жетекші құбырлардың қысқыштары, оларды қолданған жағдайда олардың ротордан өздігінен шығуын болдырмайтын құрылғысы болуға тиісті.

107. Сорғының гидравликалық бөлігінің элементтері тығыздау бүлінген кезде қызмет көрсетуші персоналдың сұйық ағыншасымен жарақаттану мүмкіндігін болдырмауға тиісті.

108. Пневмокомпенсаторда газ қуысындағы қысымды өлшеу және қысымды нөлге дейін түсіру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қысым өлшеуіш орнату алдын ала ескерілуге тиісті.

109. Сорғының гидравликалық бөлігінде, сақтандыру құрылғысының және пневмокомпенсатордың корпустарындағы тығыздау сорғының 1,5 есе ең жоғары жұмыс қысымына тең қысымға есептелуге тиісті.

110. Бұрғылау сорғыларының сору желілерінің бүгілісі мен бұрылысы болмауға тиісті, олардың диаметрі кемінде 200 мм, ал ұзындығы 5 м көп емес болуға тиісті.

111. Топсақ бұрғылау жағдайында лай шығаратын құбырларды тығыздауды қауіпсіз ауыстыру (бұру және бұрғылау құбыршегін ажыратпай) мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиісті.

112. Топсақтың гидравликалық бөлігіндегі нығыздағыш элементер оның 1,5 еселік жұмыс қысымына тең қысымға есептелуге тиіс.

113. Топсақтың оқпанын жалғайтын бұранда сол жақта болуға тиісті.

114. Құбырлар мейлінше аз бұрылыстар және иілімдермен салынуға тиіс. Құбырдың бұрылысы сұйықтық ағынының бағытын 90° артық өзгертпеуге тиіс.

115. Айдағыш құбырда превентор крестовинасы арқылы құбыр кеңістігіне сұйықты толтыру үшін бекітетін құрылғысы бар бұрыстар қарастырылуға тиіс.

116. Сықау құбыржолы мен оның элементтері қысымы 20 МПа дейінгі жұмыс қысымы кезінде 1,5 еселік жұмыс қысымына және қысымы 21-ден 56 МПа дейінгі қысым кезінде 1,4 еселік жұмыс қысымына тең қысымға есептелуі тиіс.

117. Сықау құбыржолы сықау құбыржолының оңтайлы еңіс бұрышын қамтамасыз ету есебінен сорғыны тоқтатқан кезде сықау құбыржолынан бұрғылау ерітіндісінің жылдам төгілуін қамтамасыз етуі тиіс.

Қысқы уақытта бұрғыда құбыржолын ауамен үрлеуге арналған құрылғы болуға тиіс.

118. Аспаптардың өлшеу тізбектерін басқару және айырып-қосу жүйелері пульттің немесе қалқанның панелінде орналастырылуға және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуге тиісті.

119. Жабдықтың механикалық берілістері (шынжырлы, кардандық, тісті және т.б.) іліністік жалғастырғыштары, шкивтері және басқа айналатын және қозғалатын элементтері, сондай-ақ олардың алға шығып тұратын бөліктерінде, Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкесетін металл қоршаулары болуға тиісті.

120. Қоршаудың биіктігі механизмдердің қозғалатын бөліктерінің көлемімен белгіленеді. Механизмдердің айналатын бөліктерінің биіктігі 1,8 м кем болса соңғысы толық қоршалады.

121. Бұрғылау қондырғысының жабдығын басқару жүйесінде: мынадай қондырғылар қарастырылу керек:

1) тәл блогын көтерілу биіктігін шектегіш;
2) жүкшығырының жүккөтергіштігін шектегіш;
3) жүкшығырының негізгі және қосалқы жетектерінің бір мезгілде қосылуын болдырмайтын бұғаттау;

4) айналатын роторда пневмосыналардың кетерілуін және көтерілген сыналарда ротордың қосылуын бұғаттау;

5) сықау құбыржолдағы қысым, қысымның бір мезгілде лықсуымен рұқсат етілгеннен 10% жоғары көтерілген кезде бұрғылау сорғыларының жетектерін автоматты ажырату;

6) түсіру-көтеру автоматының ілгері жылжытылған жебесіндегі жүкшығыры барабанының қосылуын, сондай-ақ жүкшығырының барабаны қосылып тұрғанда автоматтың жебесінің жылжуын болдырмайтын бұғаттау;

7) қауіпті аймақта тәл блогы болған кезде түсіру-көтеру автоматының жебесінің қозғалысын болдырмайтын түсіру-көтеру автоматының жебесі мен жүкшығырының арасындағы, және керісінше жылжытылған жебеде қауіпті аймаққа тәл блогының қозғалысын болдырмайтын бұғаттау.

122. бұрғылау қондырғысының күш агрегатының ішкі жану қозғалтқыштары Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құжаттар бойынша авариялық-сақтандыру дабылдамасы және қорғаныс жүйесімен, сондай-ақ ауа тарту жабыны бар авариялық (шұғыл) тоқтау жүйесімен жабдықталуға тиіс.

123. бұрғылау жабдығын пайдаланатын ұйымдар, техникалық куаландыру, монтаждау немесе пайдалану процесінде жабдықтың Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкессіздігін, құрылымдардағы немесе жасағандағы кемшіліктерді тапқан кезде пайдалануды тоқтатуға және тиісті мемлекеттік органдарды хабардар етуге тиіс.

7. Геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

124. Мынадай параметрлерді: қоршаған орта, температура, қысым, ылғалдылық, радиация, шаңдану, жарылыс қаупі, өрт қауіптілігі немесе өзге де қауіпті орта (параметрлері мен санаттарын көрсетіп) шектейтін жеке немесе жиынтығымен ерекшеленетін геологиялық барлау жабдығының әртүрлі жағдайларда жұмыс істеу мүмкіндігі паспортта және техникалық сипаттамада (пайдалану жөніндегі нұсқаулықта) көрсетілуге тиісті.

125. Геологиялық барлау жабдығы жүкшығырының барабанына тәл және көтергіш арқандардың (кабельдер және т.б.) дұрыс салынуын қамтамасыз етуге тиіс.

126. Геофизикалық жабдық бұрғылайтын және пайдаланылатын ұңғымалардағы геологиялық-техникалық жағдайларға сәйкес келуге тиісті.

127. Каротажды көтергіштер:

1) аспалы және бағыттаушы блоктармен, тіректік башмақтармен және кабельді шабуға арналған аспаппен;

2) кабельді түсіру-көтеру тереңдігіне, оның қозғалу және керілу жылдамдығын көзбен шолып бақылау құралдарымен;

3) берік электрлік оқшаулау жабыны бар жалғастырып тұратын кабелімен;

4) автоматтандырылған кабель төсегішпен жабдықталуға тиісті.

128. Аспаптық қалпақшалар аспаптардың бірыңғайландырылған кабельдік ұштамаға қосылуын және кешенді немесе құрама көп параметрлі аппаратураның

компоненттерінің құрастырылуын қамтамасыз етуге тиіс. Кабельдік ұштама оны тұтқыш құрал-сайманмен қармауын қамтамасыз ететіндей жасалуға тиісті.

129. Қолданылатын қалпақшалар мен кабельдің барлық типтеріне ұқсас тұтқыш құрал-сайман геофизикалық аппаратураның жинағына кіруге тиісті.

130. Аспапты кабельдік ұштамалардың көмегімен кабельге бекіту беріктігі кабельдің тиісті түрінің жарылатын күшінен төмен болуға тиісті.

131. Геофизикалық жұмыстар кезінде құрыш жабыны бұзылмаған кабель қолданылуға тиіс. Бронның сақталуы тексерілуге, ал агрессивті ортадағы жұмыстан соң кабель жарылатын күшке сыналуға тиіс.

132. Геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты пайдаланатын ұйымдар техникалық куәландыру, монтаждау немесе пайдалану процесінде жабдықтың Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкессіздігі, құрылымындағы немесе дайындаудағы кемшіліктер табылған жағдайда пайдалануды тоқтатуға және тиісті мемлекеттік органдарды хабардар етуге тиіс.

8. Сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде пайдалану құжаттамаларының мазмұнына қойылатын жалпы талаптар

133. Пайдалану құжаттамасы сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты монтаждау (бөлшектеу), пайдалануға беру және пайдалану кезінде қауіпті (оның ішінде өрт-жарылыс қауіпті) жағдайлардың тууын болдырмайтын талаптарды (ережелерді) белгілейді, сондай-ақ жұмыс істеушіні қорғау құралдары мен әдістерінің құрылымына кірмейтін пайдалану қажеттілігін анықтайтын талаптарды қамтиды.

134. Пайдалану құжаттамасы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде мыналарды қамтуы тиіс:

1) монтаждау (бөлшектеу), пайдалануға беру және пайдалану бойынша көзделген барлық жұмыстардың қауіпсіз орындалуын қамтамасыз ететін жабдықтардың, құралдардың және керек-жарақтардың ерекшеліктерін;

2) монтаждау (бөлшектеу) ережесін және қауіпті жағдай жасауға алып келетін ықтимал қателіктердің алдын алу әдістерін;

3) оның техникалық қызмет көрсетуі мен жөндеу мақсаты бойынша сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты пайдалану кезінде қолайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін өндірістік үй-жайларда (өндірістік алаңдарда) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты орналастыруға қойылатын талаптарды, сондай-ақ үй-жайлар мен алаңдарды сағалық мұнай-газ

кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтың құрылымына кірмейтін қорғаныс құралдарымен жабдықтау жөніндегі талаптарды;

4) шудың, дірілдің, сәуленің, зиянды заттардың, зиянды микроорганизмдердің және қоршаған ортаға сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдыкпен генерацияланатын басқа қауіпті және зиянды өндірістік факторларды;

5) пайдалануға беру тәртібі және қауіпті жағдайларға алып келетін ықтимал қателіктердің алдын алу тәсілдерін;

6) сыртқы әсерлердің (температураның, атмосфералық қысымның, ылғалдылықтың, күн радиациясының, желдің, мұзданудың, дірілдің, соққының, жер сілкінісінің, агрессивті газдардың, электромагниттік өрістің, зиянды сәулелердің, микроорганизмдердің және тағы басқаларының) шектес жағдайларын және сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық 21 барлау және геофизикалық жабдықтың қауіпсіздігі сақталатын өндірістік ортаның әсерін;

7) қауіпті жағдай туындаған жағдайда (өрт-жарылыс қауіпін қоса алғанда) жұмыс істеушінің іс-әрекетін және оның жұмысының барлық көзделген режиміндегі сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты басқару ережесін;

8) жеке қорғаныш құралдарын пайдаланатын қызмет көрсетуші персоналға қойылатын талаптарды;

9) осы жағдайларда жұмыс істеушінің іс-әрекеті мен сапта тұрған қорғаныс құралдарының істен шығуын дер кезінде табу тәсілдерін;

10) техникалық қызмет көрсету регламентін және оның қауіпсіз орындалу әдісін;

11) қауіпсіздік талаптарына сәйкестікті сақтайтын сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты тасымалдау және сақтау ережелерін;

12) өрт жарылыс қауіпін қамтамасыз ету ережесін;

13) электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережесін;

14) сағалық мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты немесе мақсаты бойынша егер ол қауіп төндіре алатын болса, бөліктерін пайдалануға тыйым салуды;

15) жұмыс істеушілерді оқытуға (тренажды қоса алғанда) байланысты талаптарды, сондай-ақ жас және басқа шектеулерге қойылатын талаптарды;

16) дезинфекция, газдан тазарту және залалсыздандыруды жүзеге асыру кезіндегі қауіпсіздік ережелерін қамтуға тиісті.

9. Сәйкестікті растау

135. Сәйкестікті растау "сәйкестікті растау рәсімдері" техникалық регламентін бекіту туралы" Үкіметтің 2008 жылғы 4 ақпандағы № 90 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

136. Техникалық регламенттің 1-қосымшасында келтірілген жабдықтардың сәйкестігін растау міндетті сертификаттау түрінде жүргізіледі.

137. сәйкестікті растау Техникалық регламенттің 2-қосымшасында келтірілген схемалар бойынша жүргізіледі.

138. Жабдықтардың сәйкестігін растау үйлестірілген стандарттарда белгіленген сынау әдістерінің көмегімен жүзеге асырылады.

10. Өтпелі кезең

139. Техникалық регламентті қолданысқа енгізген сәттен бастап Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттар оларды регламентке сәйкестікке келтіргенге дейін күшінде болады және Техникалық регламентке қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

140. Осы Техникалық регламент ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"Мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау,
геологиялық барлау және
геофизикалық жабдықтар
қауіпсіздігіне қойылатын талаптар"
техникалық регламентіне
1-қосымша

Осы техникалық регламент қолданылатын мұнай-газ жабдықтарының тізбесі

ЭҚТ Ө Ж коды	ҚР СЭҚ ТН коды	Өнімнің атауы
29.52.12 35.11.40	8430410000	Бұрғылауды пайдалану және тереңнен барлау үшін бұрғылау жиынтығының кондырғылары
	8430490000	
	8905200000	
	8430500009	
	8430500001	
	8431498001	
	8705200000	
	8430410000	
	8430490000	
	8430410000	
	8430490000	

29.52.12	8430500001 8430500009 8705200000 8905200000 8431498001	Геологиялық барлау және гидрогеологиялық ұңғымаларды бұрғылауға арналған кондырғылар
29.52.12 35.11.40	8430490000 8905200000 8431430000 8431498009 8431498001	Шығарындыларға қарсы жабдық
29.12.22 29.12.24 29.13.11 29.13.13 29.52.12	8481101900 8481409000 8481805100 8481809900 8413505000 8413820011 8413820019 8413820091 8413820099 8413920000 8481100500 8481109900 8481401000 8481807100 8481807310 8481807320 8481807390 8481807900 8481808110 8481808120 8481808190	Мұнай және газ ұңғымаларын пайдалануға арналған жабдық
29.52.12	8430410000 8430490000 8425399002	Жер үсті трос жабдығы
29.12.34 29.12.35 29.12.36 29.12.37 29.12.38 29.12.43	8414401000 8414409000 8414308102 8414308103 8414308109 8414308902 8414308909 8414801109 8414801909 8414802209 8414802809 8414805109 8414805900 8414807300 8414807509 8414807809 8414808009 8414900000	Компрессорлық жабдық

29.12.11	8412212009 8412218009 8412292009 8412298109 8412298909 8412310000 8412390000 8412808000 8412904009 8412908000	Гидропневмо жүйе жабдығы
29.52.12	8430410000 8430310000 8430390000 8430490000 8430500009 8705200000	Автобұрғы (автомобильдерде және автогіркемелерде құрастырылған бұрғылау қондырғылары)
29.22.12	8425310000 8425110000 8425198009 8425393000 8425399002 8425399009 8425490000	А р н а й ы ж ү к ш ы ғ ы р Бұрғылау жүкшығыры
29.22.18 29.52.12 34.10.54	8430410000 8430490000 8426120000 8426190000 8426410001 8426410002 8426410008 8426490010 8426490090	Мұнай және газ ұңғымаларын игеруге және жөндеуге арналған көтеру қондырғылары
29.12.21 29.12.22	8413190000 8413200009 8413308009 8413502000 8413506100 8413602000 8413603100 8413606100 8413820011 8413820019 8413820091 8413820099 8413910009 8413920000	Штангосорғы жабдығы
	8481900000 8905200000 7307111000 7311009100 7311009900 8413502000 8413506100	

29.12.22	8413508000	
29.12.24	8413820011	Өндіруге арналған сағалық мұнай кәсіпшілік жабдығы
29.13.11	8413820019	
29.13.13	8413820091	
35.11.40	8413820099	
	8413920000	
	8481109900	
	8481201000	
	8481209000	
	8481809900	
	8413199000	
	8413209000	
	8413400000	
	8413505000	
	8413507900	
	8413509000	
	8413600000	
	8413800000	
	8413190000	
	8413200009	
	8413302001	
	8413302009	
	8413308001	
	8413308009	
	8413400000	
	8413502000	
	8413504000	
29.12.21	8413506100	
29.12.22	8413506900	Жылжымалы сорғы мұнай-газ кәсіпшілік қондырғылары
29.12.23	8413508000	
29.12.24	8413602000	
	8413603100	
	8413603900	
	8413606100	
	8413606900	
	8413607000	
	8413608000	
	8413810009	
	8413820011	
	8413820019	
	8413820091	
	8413820099	
	8413910001	
	8413910009	
	8413920000	
	8414102500	
	8414108100	
	8414108900	
27.21.20	7307111000	
	7307999000	
27.22.20	7311009900	Ұңғымаларға газлифті қызмет көрсету жабдықтары
	8481101900	
	8481201000	
	8481209000	

28.21.12	8481809900	
29.13.11	8481900000	
29.13.13		
29.56.25	8479820000 8421197009 8421290009 8479899709 8479909600	Жуғыш ерітінділерді дайындауға, өңдеуге және тазалауға арналған жабдық
29.13.11 29.13.13 29.13.20 29.24.25	8481109900 8481900000 8431399500 8431430000 8431498009 8481201000 8481209000 8481809900 8484100000 8484900000 848180 8484200000	Бірнеше пласттарды бір ұнғымаға бір сәтте бөлек пайдалануға арналған жабдық
29.13.11 29.13.13 29.13.20 29.13.24	8431399000 8431430000 8431498000 8481109900 8481900000 8430310000 8430390000 8430410000 8430490000 8430500001 8430500009	Өндірудің әртүрлі әдістеріне арналған жабдық
29.56.25	7307991000 7307993000 7307999000 8405100000 8431430000 8413498009 8479896009 8479899709 8481109900 8481201000 8481209000 8481809900	Мұнай-газ кәсіпшілік жабдығын жөндеуге және қызмет көрсетуге арналған жабдық
27.22.20 29.13.11 29.13.13 29.13.20	8481109900 8481900000 7307991000 7307993000 7307999000 8405100000 8431430000 8431498009 8479896009 8479899709	

	8481201000 8481209000 8481809900	Бітелу аймағын цементтеуге, гидробөлуге және қышқылмен өңдеуге арналған жабдық
29.22.11 29.22.12	8425199900 8425399100 8425399900	Ұңғыма жұмыстарын жердің үстінде жасауға арналған жабдық
29.52.61 29.56.25	8431430000 8431498009 8479899709	Бұрғылау мен орнықтыру кезінде пайда болатын төтенше жағдайлардың алдын алу және тұйықтандыруға арналған жабдықтар
29.52.12	8430410000 8430490000 8430310000 8430390000 8430500001 8430500009 7610909000	Ұдғымаларды игеруге және жөндеуге арналған жер үсті жабдығы
29.22.19	8430690000 8431000000 8431100000 8431410000 8430500009 8430500001 8431498001 8705200000 8430410000 8430490000	Бұрғылау кондырғыларына арналған бөлшектер
29.12.31	8414102500 8414108100 8414108900 8421394000 8421394000 8421399000 8421990009	Вакуумды газсыздандырғыш
33.20.12 33.20.81	9015000000 9015801100 9015809300 9015809900 9015900000 9015401000	Геофизикалық ұңғыма аппаратурасы
33.20.12 33.20.18	9015801100 9015809300 9015809900 9015900000	Бұрғылау процесін жер үстінде бақылау жүйесі
39.24.31	8421000000 8421190000 8421197009	Арнайы центрифугилер
29.22.12	8425000000 8425000000 8425310000	Басқа да арнайы жүкшығырлар
	7312104900 7312106100	

7312106500	Болат арқандар (жалпы қолданыстағы және терең барлаулық бұрғылауға арналған, көтергіш тұйық, тартатын тұйық, тальдік, арматуралық)
7312106900	
731210810	
731210830	
731210850	
731210890	
731210980	
7312900000	

"Мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық-барлау және геофизикалық жабдықтар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентіне
2-қосымша

Өнімді сертификаттау схемасы

Схеманың нөмірі	Сәйкестікті растау тәсілдері	Өндірісті тексеру	Инспекциялық бақылау	Сертификаттаудың қолданылу мерзімі	Ескертпе
1	2	3	4	5	6
1	Үлгіні сынау			6 ай	Таңбалау жүргізілмейді
2	Үлгіні сынау	Өндірістің жай-күйін талдау	Сатушыдан алынған үлгілерді сынау. Өндірістің жай-күйін талдау.	12 ай	Осы үлгінің барлық шығарылатын өнімі таңбаланады
3	Үлгіні сынау	Өндірістің жай-күйін талдау	Сатушыдан алынған үлгілерді сынау. Өндірістің жай-күйін талдау.	12 ай	Осы үлгінің барлық шығарылатын өнімі таңбаланады
4	Үлгіні сынау	Өндірістің жай-күйін талдау	Сатушыдан алынған үлгілерді сынау. Дайындаушыдан алынған үлгілерді сынау. Өндірістің жай-күйін талдау.	18 ай	Осы үлгінің барлық шығарылатын өнімі таңбаланады
7	Партияны сынау			Белгіленбейді, бірақ өнімнің жарамдылық мерзімінен аспайды	Таңбалау жүргізілмейді
8	Әрбір бұйымды сынау			Белгіленбейді, бірақ өнімнің жарамдылық мерзімінен аспайды	Әрбір өнім таңбаланады

Ескертпе:

* - сынақтардың қажеттілігі мен көлемін сапа менеджментінің сертификатталған жүйесін (өндірісті) бақылау нәтижелері бойынша өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі орган анықтайды;

** - сапа менеджменті жүйесіне сертификат берген орган жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК